

Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен жүргізудің ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 31 қазан N 1158. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27 желтоқсандағы N 1301 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007.12.27. N 1301 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қолданушылардың назарына!

Өзгертулер қабылданған - ҚР Үкіметінің N 352 (2010 жылғы 13 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен жүргізудің ережесі бекітілсін.

2. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 31 қазандағы
N 1158 қаулысымен
бекітілген

Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу, конкурстық комиссияны құру

мен оның қызметінің тәртібін, сондай-ақ тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың салалық ерекшеліктерін және солар бойынша шарттар жасау мерзімдерін белгілейді.

2-тарау. Мемлекеттік сатып алу процесін ұйымдастыру мен өткізу

Параграф1. Конкурстық комиссия құру мен оның қызметінің тәртібі

2. Заңның 9-бабы 1-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген тәсілдермен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру үшін конкурсты ұйымдастырушы конкурстық комиссия құрады.

3. Конкурстық комиссияны конкурсты ұйымдастырушы әрбір конкурсқа арнап құрады.

4. Конкурстық комиссияның құрамына төраға, төрағаның орынбасары және конкурстық комиссияның мүшелері кіреді. Конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ саннан тұруға және онда кемінде үш адам болуға тиіс. Конкурстық комиссияның хатшысы конкурстық комиссияның мүшесі бола алмайды және конкурстық комиссия шешімдер қабылдаған кезде дауысқа ие б о л у ғ а қ ұ қ ы ғ ы ж о қ .

Конкурстық комиссия конкурсты ұйымдастырушы конкурсты ұйымдастыру және өткізу туралы конкурстық комиссия құру туралы шешімді бекіткен немесе мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгенге дейін бір көзден сатып алу тәсілі жүзеге асырылған сәттен бастап жұмыс істейді.

Егер конкурс өтпеді деп танылған немесе оның қорытындылары жойылған жағдайда, конкурстық комиссия өзінің қызметін тоқтатады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.05.06. N 508 қаулысымен .

5. Конкурстық комиссиялардың құрамына конкурсты ұйымдастырушының бірінші басшылары немесе олардың орынбасарлары, тапсырысшының басшылары немесе олардың орынбасарлары, конкурсты ұйымдастырушының және/немесе тапсырысшының мамандары міндетті түрде енгізіледі, сондай-ақ Заңда ескертілгендерді қоспағанда, конкурсты ұйымдастырушының және/немесе тапсырысшының оқшауланған құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен мамандары енгізілуі мүмкін.

6. Мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелер жүзеге асыратын мемлекеттік сатып алу мәні объектілерді салу және/немесе күрделі жөндеу болса, конкурстық комиссиялардың құрамына сәулет, қала құрылысы және құрылыс

істері жөніндегі уәкілетті органның өкілдері, солардың келісімі бойынша енгізілуі мүмкін.

7. Конкурстық комиссияның төрағасы конкурсты ұйымдастырушының бірінші басшысының орынбасарынан төмен емес тұлға болып табылады, ол комиссияның қызметіне басшылық жасайды, комиссияның отырыстарына төрағалық етеді, жұмысты жоспарлайды және оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады.

Төраға болмаған кезде оның функциясын орынбасары атқарады.

8. Конкурстық комиссияның хатшысы мемлекеттік, сатып алуды ұйымдастыру мен өткізуге жауапты конкурсты ұйымдастырушының тиісті бөлімшесінің маманы болып табылады. Конкурстық комиссияның хатшысы ықтимал өнім берушілерге конкурстық құжаттаманы ұсынады, ықтимал өнім берушілерден конкурстық өтінім салынған конверттерді қабылдайды, конкурстық комиссия отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстар, қажетті құжаттар, материалдар дайындайды және отырыс өткізілгеннен кейін оның хаттамаларын ресімдейді, келіп түскен конкурстық өтінімдерді және конверттерді ашу рәсіміне қатысуға тілек білдірген ықтимал өнім берушілерді тіркеу журналын жүргізеді, оларда конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ықтимал өнім берушінің ұсынған уақыты мен күні және ықтимал өнім берушінің уәкілетті өкілінің (конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ұсынушы тұлғаның және конкурсқа қатысушының) тегі, есімі, әкесінің есімі көрсетіледі. Келіп түскен конкурстық өтінімдерді және конверттерді ашу рәсіміне қатысуға тілек білдірген ықтимал өнім берушілерді тіркеу журналдары тігілуге, беттері нөмірленуге тиіс, соңғы беті конкурсты ұйымдастырушының мөрімен куәландырылуға тиіс. Сатып алу түрлері бойынша бірыңғай журналдар жүргізуге ж о л б е р і л е д і .

Санкция берілмеген қол жеткізілімнен қорғаудың жеткілікті элементтері болған кезде тіркеу журналы оны конкурс нәтижелері бойынша кейіннен қағазға түсіре отырып электронды түрде ресімделуі мүмкін. Келіп түскен конкурстық өтінімдер мен ықтимал өнім берушілерді тіркеу журналдарын жүргізу және сақтау конкурсты ұйымдастырушының іс жүргізуінде белгілеген тәртіппен жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Қажет болған кезде конкурсты ұйымдастырушы хатшының жұмысын орындау үшін хатшылық белгілей алады, бұл конкурсты ұйымдастырушының осы Ережеде белгіленген жағдайларда құжаттарға қол қоюға хатшылық атынан уәкілетті жауапты тұлғаны көрсете отырып, конкурстық комиссия құру туралы бұйрығында көрініс табуға тиіс.

9. Конкурсты ұйымдастырушыда тиісті бейіндегі мамандар болмаған жағдайда ол мемлекеттік қызметшілерді өтеусіз негізде, ал бейіні сатып

алынатын тауарларға, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге сәйкес келетін өзге мамандарды тараптардың уағдаластықтары бойынша ақылы, сонымен бірге өтеусіз негізде, техникалық сарапшы ретіндегі жұмыс үшін тарта алады.

Қажет болған кезде конкурсты ұйымдастырушы техникалық сарапшылардан тұратын сарапшылар комиссиясын құра алады.

Ақылы негіздегі техникалық сарапшылар ретінде тартылатын тұлғаларды таңдау Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

10. Техникалық сарапшылар (сарапшылар комиссиясы) ықтимал өнім берушілер ұсынған тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкестігі жөнінде сараптамалық қорытынды береді және конкурстық комиссия шешім қабылдаған кезде дауысқа ие болуға құқығы жоқ. Техникалық сарапшылардың (сарапшылар комиссиясының) қорытындысы конкурсқа ұсынылған конкурстық өтінімдерді бағалау мен салыстыру және конкурс жеңімпазын анықтау кезінде, егер ол конкурстық құжаттамада көзделген талаптар шегінде жасалған жағдайда ғана ескеріледі. Сараптамалық қорытынды жазбаша түрде ресімделеді, оған техникалық сарапшылар (сарапшылар комиссиясының мүшелері) қол қояды және ол конкурстық комиссия отырысының хаттамасына қоса беріледі.

11. Осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес ашық конкурс өткізу туралы нысан бойынша жарияланатын хабарландыру жарияланғанға немесе осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес жасалатын жабық конкурс өткізу кезінде ықтимал өнім берушілерге хабарлама жіберілгенге дейін конкурсты ұйымдастырушы конкурстық комиссияның құрамын, конкурстық комиссияның хатшысын бекітеді, қажет болған кезде техникалық сарапшыларды (сарапшылар комиссиясының құрамын) белгілейді, конкурстық құжаттаманы дайындайды және бекітеді.

Осы тармақ бойынша барлық шешімдер конкурсты ұйымдастырушының бірінші басшысының немесе оны алмастыратын тұлғаның шешімімен немесе бұйрығымен (бұйрықтарымен) қабылданады.

12. Конкурс өткізу басталғанға дейін конкурстық комиссия конкурсты ұйымдастырушы дайындаған конкурстық құжаттамамен танысуға тиіс.

13. Конкурстық комиссияның отырысы конкурстық комиссия мүшелері жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде өткізіледі. Конкурстық комиссияның шешімі ашық дауыспен қабылданады және егер ол үшін конкурстық комиссияның қатысушы мүшелері жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп саналады. Дауыстар тең болған жағдайда, конкурстық комиссияның төрағасы немесе ол болмаған жағдайда, осы Ереженің 7-тармағына сәйкес төрағаның функциясы жүктелген төрағаның орынбасары дауыс берген шешім қабылданды деп саналады.

Конкурстық комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда, осы конкурстық комиссияның кез келген мүшесі айрықша пікір айту құқығына ие, ол жазбаша түрде жазылуға және конкурстық комиссия отырысының хаттамасына тіркелуге тиіс. Конкурстық комиссияның қайсыбір мүшесі өндірістік немесе басқа себеппен болмаған жағдайда конкурстық комиссия отырысының хаттамасында оның болмау себебі және осы фактіні растайтын құжатқа сілтеме көрсетіледі.

Егер конкурстық комиссия мүшелерінің қажетті саны болмауы себебінен конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу жөніндегі конкурстық комиссияның отырысы белгіленген күн мен уақытта өтпеген жағдайда, конкурстық комиссияның хатшысы конкурсқа ұсынылған конкурстық өтінімдер салынған конверттердің сақталуын қамтамасыз етеді және жарияланған мерзімнен 24 сағаттан кешіктірмей, конверттерді ашуды жүргізу күні мен уақыты туралы жариялайды. Бұл ретте жаңадан берілген өтінімдер қ а б ы л д а н б а й д ы .

Егер хатшы жариялаған уақытта конкурстық комиссия мүшелерінің қажетті саны болмаған жағдайда, 24 сағат өткеннен кейін конкурсты ұйымдастырушы тиісті шешіммен конкурстық комиссияның жоқ мүшелерін ауыстыру бөлігіне осындай ауыстырудың себептерін көрсете отырып, конкурстық комиссияның құрамына өзгерістер енгізеді. < * >

Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.05.06. N 508 қаулысымен .

14. Конкурстық комиссия отырысының хаттамасына конкурстық комиссияның барлық қатысушы мүшелері, оның төрағасы, оның орынбасары мен хатшысы қол қояды.

Параграф 2. Конкурстық құжаттаманы дайындау

15. Конкурсты ұйымдастырушы барлық ықтимал өнім берушілерге Заңның 12-бабының 1-тармағында көрсетілген ақпаратта баяндалған конкурстық құжаттаманы ұсынуға міндетті.

16. Конкурстық құжаттама уәкілетті орган бекітетін үлгі негізінде жасалады.

Параграф 3. Конкурстық өтінімдердің мазмұны, оларды ұсыну, бағалау және салыстыру

17. Конкурсқа қатысуға тілек білдірген, заңды тұлға болып табылатын ықтимал өнім беруші ұсынатын конкурстық өтінімде:

- 1) осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес конкурсқа қатысуға арналған өтінім;
- 2) ықтимал өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесі:

ықтимал өнім берушінің сатып алынатын тауарларды өндіруге, қайта өңдеуге, беруге және сатуға, жұмыстар орындау мен қызметтер көрсетуге арналған құқығын растайтын лицензияларының және/немесе патенттерінің, куәліктерінің, сертификаттарының, дипломдарының, басқа да құжаттарының нотариалды куәландырылған көшірмесі;

егер сатып алатын жұмыстары мен көрсететін қызметтері лицензияланбайтын болған жағдайда, ықтимал өнім беруші орындайтын қызмет түрлерінің тізбесімен бірге заңды тұлға жарғысынан алынған үзінді көшірменің нотариалды куәландырылған көшірмесі немесе мемлекеттік және/немесе орыс тілдеріне аударып отырып нотариалды куәландырылған сауда тізілімінен алынған заңдастырылған үзінді көшірме (Қазақстан Республикасының резиденттері емес үшін); Егер заңды тұлға қызметін заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген Үлгі жарғының негізінде жүзеге асырған жағдайда, мемлекеттік тіркеу туралы өтініштің нотариалды куәландырылған көшірмесі;

конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу күнінің қарсаңында ықтимал өнім берушінің банктің (банктердің) алдында үш айдан асатын мерзімі өткен берешегінің жоқтығы туралы бірінші басшының немесе оны алмастыратын тұлғаның қолы қойылып, банктің (банктердің) мөрі басылған банктің (банктердің) анықтамасының түпнұсқасы (егер ықтимал өнім беруші екінші деңгейдегі бірнеше банктердің немесе филиалдарының, сондай-ақ шетел банкінің клиенті болып табылса, бұл анықтама осындай банктердің әрбірінен ұсынылады);

бірінші басшы немесе оны алмастыратын тұлға, сондай-ақ бас бухгалтер (бухгалтер) қол қойған соңғы қаржы жылғы бухгалтерлік теңгерімнің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі. Егер конверттерді ашу ағымдағы жылғы 30 сәуірге дейінгі мерзімде өткізілген жағдайда, онда соңғы қаржы жылы алдындағы қаржы жыл бойынша бухгалтерлік теңгерімінің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі табыс етіледі;

бухгалтерлік теңгерімнің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі егер:

заңды тұлға ағымдағы қаржы жылы құрылған;

заңды тұлға өткен қаржы жылы құрылған және конверттерді ашу ағымдағы жылғы 30 сәуірге дейінгі мерзімде өткізілген жағдайларда табыс етілмеуі мүмкін;

Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерімен міндетті түрде аудит жүргізу белгіленген заңды тұлғалардың соңғы қаржы жылғы аудиторлық есебінің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі. Егер конверттерді ашу ағымдағы жылғы 1 маусымға дейінгі мерзімде өткізілген жағдайда, соңғы қаржы жылы алдындағы қаржы жыл бойынша аудиторлық есебінің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі табыс

е т і л е д і ;

аудиторлық есептің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған
к ө ш і р м е с і е г е р :

заңды тұлға ағымдағы қаржы жылы құрылған;

заңды тұлға өткен қаржы жылы құрылған және конверттерді ашу ағымдағы
жылғы 1 маусымға дейінгі мерзімде өткізілген жағдайларда табыс етілмеуі
м ү м к і н ;

уәкілетті орган бекіткен үлгі нысан бойынша тауарлар өндіру және/немесе
беру, қызметтер көрсету және жұмыстар орындау үшін мамандықтар бойынша
біліктілігі, жұмыс стажы көрсетілген қызметкерлердің болуы мен саны туралы
құжаттың түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі;

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің
нотариалды куәландырылған көшірмесі;

статистикалық карточканың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

құрылтайшы немесе құрылтайшылардың құрамы туралы мәліметті қамтитын
жарғыдан немесе құрылтай құжаттарынан нотариалды куәландырылған үзінді
көшірме не конверттерді ашу күнінің алдындағы 30 күнтізбелік күннен
кешіктірмей берілген акция ұстаушылардың тізілімінен нотариалды
куәландырылған үзінді көшірме;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлеу мерзімі ұзартылған
жағдайларды қоспағанда, конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу
күнінің қарсаңында үш айдан асатын салық берешегінің және жинақтаушы
зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешектің
жоқтығы немесе болуы туралы бірінші басшының немесе қол қоюға құқығы бар
тұлғаның қолы қойылып, осы салық органының мөрі басылған тиісті салық
органының белгіленген нысандағы анықтамасының түпнұсқасы;

егер ықтимал өнім беруші Қазақстан Республикасының резиденті емес болып
табылған және Қазақстан Республикасының салық төлеушісі ретінде тіркелмеген
жағдайда, осы резидент еместің салық есебінде жоқ екендігі туралы Қазақстан
Республикасы салық органының анықтамасының түпнұсқасы немесе нотариалды
куәландырылған көшірмесі;

уәкілетті орган бекіткен үлгі нысан бойынша мемлекеттік сатып алу
процесіне қатысу үшін біліктілігі туралы мәліметтер;

3) осы Ережеге 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылған және ол
болған кезде шегерімнің нақты мөлшері көрсетілетін ілеспе қызметтердің құнын
қоса алғанда, берілетін тауарлардың, орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін
қызметтердің түпкі бағасын құрайтын, ықтимал өнім берушінің барлық нақты
шығындары баяндалған ықтимал өнім беруші ұсынған баға;

4) сатып алу үшін тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің қолайлылығын

растауға шыққан тегі сертификаттарының (импортталатын тауарлар үшін), сәйкестік сертификаттарының нотариалды куәландырылған көшірмелері немесе ықтимал өнім берушінің берілетін тауардың/көрсетілетін қызметтің бірінші партиясымен куәліктерінің және/немесе шыққан тегі сертификаттарының (импортталатын тауарлар үшін), сәйкестік сертификаттарының нотариалды куәландырылған көшірмелерін ұсынатындығы туралы кепіл хаты;

5) техникалық ерекшеліктер (ерекшеліктерді, жоспарларды, сызбаларды, нобайларды және халықаралық немесе қазақстандық стандарттарға сілтемелерді, бірыңғай нормалар мен ережелерді қоса алғанда, ұсынылатын тауарларға, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге техникалық сипаттама беру);

6) ұсынылатын ілеспе қызметтер;

7) Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізуді растайтын құжаттың түпнұсқасы (банктік кепілдік, төлем тапсырмасы, егер ықтимал өнім беруші конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қолма-қол ақшамен енгізсе, конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізуді растайтын құжат).

8) конкурстық құжаттамаға сәйкес ұсынылуы үшін қажетті басқа да құжаттар болуға тиіс.

Ескерту. 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.05.06. N 508 қаулысымен .

18. Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын және Конкурса қатысуға тілек білдірген ықтимал өнім беруші - жеке тұлғаның конкурстық өтінімінде:

1) осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес конкурса қатысуға арналған өтінім және жеке куәліктің, паспорттың немесе жеке тұлғаны куәландыратын құжаттарды ауыстыруға қабылдау туралы әділет органдары анықтамасының көшірмесі;

2) іс-әрекетке қабілетті болып табылатын ықтимал өнім беруші - жеке тұлғаға қойылатын біліктілік талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесі:

ықтимал өнім берушінің сатып алынатын тауарларды өндіруге, қайта өңдеуге, беруге және сатуға, жұмыстар орындау мен қызметтер көрсетуге құқығын растайтын лицензияларының және/немесе патенттерінің, дипломның, сертификаттың, басқа да құжаттарының (кәсіби біліктілігінің бар екендігін растау үшін) нотариалды куәландырылған көшірмесі;

заңды тұлға құрмай-ақ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін, тиісті мемлекеттік орган берген құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі (мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу үшін азаматтық құқықтық қабілеттіліктің болуын растау үшін) және ықтимал өнім берушінің ұсынылатын тауарға, көрсетілетін қызметке меншік құқығын немесе иелену құқығын растайтын құжаттар;

уәкілетті орган бекіткен үлгі нысан бойынша тауарлар өндіру және/немесе

беру, қызметтер көрсету және жұмыстар орындау үшін мамандықтар бойынша біліктілігі, жұмыс стажы көрсетілген қызметкерлердің болуы мен саны туралы құжаттың түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі;

3) осы Ережеге 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылған және ол болған кезде шегерімнің нақты мөлшерін көрсете отырып, берілетін тауарлардың , орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің түпкі бағасын құрайтын ықтимал өнім берушінің барлық нақты шығындары баяндалған ықтимал өнім беруші - жеке тұлға ұсынған баға;

4) сатып алу үшін тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің қолайлылығын растауға шыққан тегі сертификаттарының (импортталатын тауарлар үшін), сәйкестік сертификаттарының нотариалды куәландырылған көшірмелері немесе ықтимал өнім берушінің берілетін тауардың/көрсетілетін қызметтің бірінші партиясымен куәліктерінің және/немесе шыққан тегі сертификаттарының (импортталатын тауарлар үшін), сәйкестік сертификаттарының нотариалды куәландырылған көшірмелерін ұсынатындығы туралы кепіл хаты;

5) техникалық ерекшеліктер;

6) ұсынылатын ілеспе қызметтер;

7) Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізуді растайтын құжаттың түпнұсқасы (банктік кепілдік, төлем тапсырмасы, егер ықтимал өнім беруші конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қолма-қол ақша қаражатымен енгізген жағдайда, конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізуді растайтын құжат).

Ескерту. 18-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.05.06. N 508 , 2005.02.14. N 140 қаулыларымен.

18-1. Кәсіпкерлік қызметпен айналыспайтын және конкурсқа қатысуға ниет білдірген, мәні ықтимал өнім берушіде бар тауарлар болып табылатын ықтимал өнім беруші - жеке тұлғаның конкурстық өтінімі мыналарды қамтуы тиіс:

1) осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес конкурсқа қатысуға өтінім және жеке куәлігінің немесе паспортының көшірмесі немесе әділет органдарының жеке басын куәландыратын құжаттарды алмастыруға қабылдағандығы туралы а н ы қ т а м а л а р ы ;

2) қабілетті болып табылатын жеке тұлға - ықтимал өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесі:

ықтимал өнім берушінің ұсынылып отырған тауарға меншік құқығын немесе иелік ету құқығын растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

егер конкурсқа меншік иесінің өкілі қатысқан жағдайда, конкурстың мәні болып табылатын тауарды сату құқығына арналған сенімхаттың нотариалды к у ә л а н д ы р ы л ғ а н кө ш і р м е с і ;

3) ықтимал өнім беруші - жеке тұлға ұсынатын осы Ережеге 6-қосымшаға

сәйкес нысан бойынша берілген және шегерім болған кезде оның нақты мөлшерін көрсете отырып, берілетін тауарлардың ақырғы құнын құрайтын ықтимал өнім берушінің барлық іс жүзіндегі шығыстарынан тұратын баға;

4) сатып алу үшін тауарлардың қолайлылығын растауға сәйкестік сертификаттарының нотариалды куәландырылған көшірмелері;

5) техникалық ерекшеліктер;

6) ұсынылып отырған ілеспе көрсетілетін қызметтер;

7) Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізуді растайтын құжаттың түпнұсқасы (банктік кепілдік, төлем тапсырмасы, егер ықтимал өнім беруші конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қолма-қол ақшамен енгізсе, конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізуді растайтын құжат).

Ескерту. 18-1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.05.06. N 508 , 2005.02.14. N 140 қаулыларымен.

19. Заңның 14-бабының 2-тармағында тізбеленген жағдайларды қоспағанда, ықтимал өнім беруші конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді ақша кепілі түрінде конкурсты ұйымдастырушының тиісті шотына енгізеді.

20. Конкурстық өтінімдер конкурстық құжаттамада көрсетілген тілде жасалуға және ұсынылуға тиіс.

21. Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге қойылатын техникалық талаптар қолданыстағы халықаралық және/немесе ұлттық стандарттарға, нормалар мен ережелерге негізделуге тиіс.

22. Мемлекеттік орган мен мемлекеттік мекеме өткізетін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурсқа қатысу үшін ықтимал өнім беруші ұсынатын конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі конкурстық өтінімдер ашылған күннен бастап кемінде 45 күн, ал акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорын мен акционерлік қоғам, сондай-ақ солармен аффилиирленген заңды тұлға өткізгенде - кемінде 35 күн болуға тиіс. Ықтимал өнім беруші өзінің конкурстық өтінімінде оның қолданылу мерзімін көрсетуге тиіс.

Қолданылу мерзімі конкурстық құжаттамада көрсетілгендегіден неғұрлым қысқа конкурстық өтінім қабылданбайды.

23. Конкурстық өтінімді ықтимал өнім беруші тігілген түрде, нөмірленген беттерімен ұсынады және соңғы беті оның қолымен, ал заңды тұлға үшін - мөрімен куәландырады. Егер ықтимал өнім беруші конкурстық өтінімнің бағасын конкурстық өтінімнен бөлек ұсынған жағдайда, бұл баға ұсынысын өзі қосымша растайды. Конкурсқа (лотқа) ықтимал өнім беруші тек бір баға ұсынады. Конкурстық өтінімнің техникалық маманданым (тігілген түрде, нөмірленген беттерімен, соңғы беті қолымен, ал заңды тұлға үшін - ықтимал

өнім берушінің мөрімен расталған) және банктік кепілдеменің түпнұсқасы конкурстық өтінімге бөлек тіркеледі. Бұл ретте егер техникалық ерекшелік және/немесе банктік кепілдік конкурстық өтініммен бірге тігілсе, онда бұл осы конкурстық өтінімді қабылдамау үшін негіздеме болып табылмайды.

Ескерту. 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.05.06. N 508 қаулысымен .

24. Ықтимал өнім беруші конкурстық құжаттамада қажеттілігіне қарай "Түпнұсқа" және "Көшірме" деп көрсете отырып, конкурсты ұйымдастырушы көрсеткен конкурстық өтінім көшірмелерінің қажет санын ұсынады. Олардың арасында алшақтық болған жағдайда түпнұсқаға басымдық беріледі.

Конкурстық өтінімнің түпнұсқасы және барлық көшірмелері басылуға немесе өшпейтін сиямен жазылуға және ықтимал өнім беруші қол қоюға тиіс.

Конкурстық өтінімде, ықтимал өнім берушінің грамматикалық немесе арифметикалық қателерді түзетуі қажет болған жағдайларды қоспағанда, жол арасында ешқандай қосу, өшіру немесе қосып жазу болмауға тиіс.

25. Ықтимал өнім беруші конкурстық өтінімнің түпнұсқасы мен әрбір көшірмесін әртүрлі конверттерге салып, мөрлейді, оларға "Түпнұсқа" немесе "Көшірме" деген белгі соғады. Бұл конверттерде ықтимал өнім берушінің атауы мен мекен-жайы көрсетілуге тиіс (Заңның 13-бабы 5-тармағының негізінде конкурстық өтінім ашылмай қайтарылған жағдайда). Бұдан кейін конверттер сыртқы конвертке салынып, мөрленеді.

Ішкі және сыртқы конверттер:

1) конкурстық құжаттамада көрсетілген мекен-жай бойынша конкурсты ұйымдастырушыға жіберілуге;

2) " _____ сатып алу жөніндегі конкурс" және (конкурстың аты) " _____ дейін ашуға болмайды"

(конверттерді ашудың конкурстық құжаттамада көрсетілген күні мен уақыты) деген сөздер жазылуға тиіс.

Заңның 13-бабының 4-тармағында көзделген конкурстық өтінімді өзгертуді ықтимал өнім беруші дайындауға, мөрленуге және ол конкурстық өтінімде ұсынылуға тиіс.

Кері қайтарып алу туралы хабарламаны ықтимал өнім беруші жазбаша нысанда, бірақ конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімінен кешіктірмей жіберуге тиіс.

Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткеннен кейін конкурстық өтінімдерге ешбір өзгеріс енгізілмеуге тиіс.

26. Ықтимал өнім берушінің конверттерді ашуға қатысуға уәкілетті өкілге берген сенімхаты оны осы өкіл конверттерді ашу (ашылу) кезінде (алдында) ұсынады. Ол болмаған жағдайда ықтимал өнім берушінің өкілі конверттерді ашу рәсіміне жіберілмейді, ал конкурстық өтінім ашылады.

Ескерту. 26-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.05.06. N 508 қаулысымен .

27. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдермен қоса ұсынылған конверттердің түпнұсқалары мен көшірмелерін конкурстық құжаттамада белгіленген орында және уақытта ашады. Егер конкурсқа (лотқа) бір конкурстық өтінім берілген жағдайда, бұл конкурстық өтінім де ашылады. Конверттерді ашудың тікелей алдында конкурстық комиссия ықтимал өнім берушіге конкурстық өтінімнің бір бөлігі ретінде қосымша конверттер енгізуге құқық береді, оларда сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің бағасы көрсетіледі. Қосымша конверттер ұсынуды конкурстық комиссияның хатшысы тіркеу журналында тіркейді. Осы рәсімнен кейін қандай да бір қосымша конверттер қабылданбайды.

Конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсімі бойынша конкурстық комиссияның хатшысы осы Ережеге 7-қосымшаға сәйкес нысан мен мазмұны бойынша ашу жөніндегі хаттамасын жасайды, оған конкурстық комиссияның төрағасы, оның орынбасары, конкурстық комиссияның мүшелері және х а т ш ы с ы қ о л қ о я д ы .

Екі кезеңді рәсімдерді пайдалана отырып, конкурс өткізілген кезде конкурстық комиссия конкурстың әрбір кезеңіне конверттерді ашу және конкурстың қорытындылары туралы хаттамалар жасайды.

Ескерту. 27-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.05.06. N 508 қаулысымен .

28. Ықтимал өнім беруші және оның аффилиирленген тұлғасы ашық конкурсқа (лотқа) қатысқан жағдайда конкурстық комиссия Заңның 7-бабының 3-тармағын іске асыру мақсатында конкурстың кез келген кезеңінде мұндай тұлғалардың конкурстық өтінімдерін қабылдамай тастайды.

Осы факті конверттерді ашу және/немесе конкурстың қорытындысы туралы хаттамаларда көрініс табуға тиіс.

Егер осы конкурсқа (лотқа) қатысқан ықтимал өнім берушілердің аффилиирленуі мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгеннен кейін белгіленген жағдайда, тапсырысшы аффилиирленуді белгілеу күнінен бастап 10 күнтізбелік күнге дейінгі мерзімде осы шартты бұзуға бастамашылық етеді және бұл туралы уәкілетті органға хабарлайды.

Ескерту. 28-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.05.06. N 508 қаулысымен .

29. Конкурстық комиссия ықтимал өнім берушілердің қойылған біліктілік талаптарға сай келетін конкурстық өтінімдерін бағалайды және салыстырады.

Егер конкурсқа (лотқа) қатысуға біліктілік талаптарына сай келетін екеуден кем ықтимал өнім беруші конкурстық өтінімдер берген жағдайда, конкурстық комиссия конкурс өтпеді деп таниды.

Сондай-ақ конкурстық комиссия, егер конкурстық құжаттама талаптарына жауап беретін екіден кем конкурстық өтінім ұсынылса, конкурсты өткізілмеді деп таниды.

Конкурстық комиссия, сондай-ақ егер біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сай келетін ықтимал өнім берушілер ұсынған барлық бағалар, осы сатып алуға көзделген сомадан асып кетсе, конкурс тұтастай немесе белгілі бір лот бойынша өтпеді деп таниды.

Ескерту. 29-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.04.25. N 324 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .

30. Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша конкурсқа қатысушы ықтимал өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы мәселесін қарау кезінде конкурстық комиссия осы конкурс нәтижесінде сатып алынатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді беру, орындау және көрсету рыногындағы жұмыс тәжірибесін ғана қарайды. Бұл ретте конкурстық комиссия конкурстық өтінімнің бағасын ықтимал өнім берушінің сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер рыногындағы жұмыс тәжірибесінің болуына қарай бір жылдан бастап әрбір екі жыл үшін бір процентке шартты түрде азайтады, бірақ он проценттен аспайды. Бір жылға дейін жұмыс тәжірибесі болған немесе ол болмаған жағдайда мұндай процент белгіленбейді.

Сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер рыногындағы жұмыс тәжірибесіне ие болу қажеттігі туралы талап шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қолданылмайды, оларды қолдау Заңның 27-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 30-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.05.06. N 508 қаулысымен .

31. Конкурстық комиссия қабылданған конкурстық өтінімдерді бағалау мен салыстыру кезінде конкурстық өтінімнің бағасынан басқа конкурстық құжаттамада ескертілген және барлық конкурстық өтінімдерге бірдей мөлшерде қолданылатын Заңның 16-бабы 6-тармағының 2) - 8) тармақшаларында немесе 7-тармағының 2) және 3) тармақшаларында тізбеленген өлшемдерді ескереді, осы Ереженің 30, 32, 33, 35 және 36-тармақтарында көрсетілген элементтердің конкурстық өтінім бағасына белгілі бір процент негізінде ықпалын белгілейді

және конкурстық өтінімдердің шартты бағаларын салыстыру жолымен
ж е ң і м п а з д ы а н ы қ т а й д ы .

Заңның 16-бабы 6-тармағының 2) - 4), 6), 7) тармақшаларында немесе 7-тармағының 2), 3) тармақшаларында тізбеленген өлшемдердің конкурстық өтінімнің бағасына жиынтық проценттік ықпалы 15 проценттен аспауға тиіс.

Отандық тауар өндірушілер болып табылатын ықтимал өнім берушінің конкурстық өтімінің бағасына Заңның 16-бабы 6-тармағының 2)-4), 6), 7), 9) тармақшаларында немесе 7-тармағының 2), 3), 4) тармақшаларында санамаланған өлшемдердің жиынтық проценттік әсері 35 проценттен аспауы тиіс .

Ескерту. 31-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.05.06. N 508 қаулысымен .

32. Ықтимал өнім беруші өзінің конкурстық өтінімінде тауарға байланысты пайдалануға, техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге жұмсалған шығыстарды (пайдалану шығыстарын) конкурстық құжаттамада көрсетілген мерзім ішінде көрсетуі және оларды есептеулермен растауы қажет. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімді пайдалану шығыстарының ең төменгі құнымен айқындайды және басқа конкурстық өтінімдердің бағасына осындай процентті шартты түрде қосады, оларда әрбір конкурстық өтінімді пайдалану шығыстарының құны пайдалану шығыстарының ұсынылған ең төменгі құнынан асып кетеді.

33. Егер конкурстық құжаттамада конкурстық өтінімдерді ықтимал өнім берушінің тауар берудің (жұмыстарды аяқтаудың, көрсетілетін қызметтерді ұсынудың) конкурстық құжаттамада көрсетілген мерзімдермен салыстырғанда неғұрлым кеш мерзімімен беру мүмкіндігі көзделген болса, онда конкурстық комиссия конкурстық өтінім құнының белгілі бір проценті негізінде тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді берудің, аяқтаудың немесе ұсынудың талап етілген мерзімімен салыстырғанда кідірткен әрбір апта үшін бұл процентті ақшалай мәнде көрсетуге және бұл процентті берілу (жұмыстарды аяқтау, көрсетілетін қызметтерді ұсыну) мерзімі неғұрлым кеш конкурстық өтінім бағасына шартты түрде қосуға құқылы. Осы рәсім тауарлар берудің (жұмыстарды аяқтаудың, көрсетілетін қызметтерді ұсынудың) неғұрлым кеш мерзімдерін көздейтін әрбір конкурстық өтінімге қолданылады. Тауарларды (жұмыстарды аяқтауды, көрсетілетін қызметтерді ұсынуды) мерзімінен бұрын жеткізгені үшін бағаны шартты түрде төмендету көзделмейді.

34. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада төлемнің талап етілетін шартын мәлімдеуге тиіс және конкурстық өтінімдер төлемнің осы шартының негізінде бағалануға тиіс. Сонымен бірге, ықтимал өнім беруші төлемнің балама шартын немесе басқа шарттарды және сонымен байланысты

нақты баға шегерімдерін ұсына алады. Конкурстық комиссия ықтимал өнім беруші көрсеткен тапсырысшы үшін қолайлы шартты қарайды, ықтимал өнім берушінің конкурстық өтінім бағасын ұсынылған шегерім сомасына азайтады. Бұл жағдайда мемлекеттік сатып алу туралы шарт конкурс жеңімпазымен оның конкурс өтініміндегі баға сомасына, ол ұсынған шегерімді шығарып тастап және ол ұсынған шартпен жасалады.

35. Ықтимал өнім беруші, берілетін тауарлар мен ұсынылатын қызметтердің конкурстық құжаттамалардың техникалық талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ете отырып, ұсынылатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің пайдалану сипаттамасына кепілдік беретін кезеңді көрсетеді. Конкурстық комиссия, егер конкурстық өтінімде ұсынылған кепілдік кезеңі конкурстық құжаттамада мәлімделген базалық кезеңнен аз болса, конкурстық өтінімнің бағасына әрбір жыл үшін белгілі бір процентті шартты түрде қосады немесе егер кепілдік кезеңі базалық кезеңнен көп болса, шартты түрде алып тастайды.

36. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінімдердің шартты бағасына әсер ететін проценттердің белгілі бір мәнін сатып алынатын тауарлардың функционалдық, техникалық және сапалық сипаттамалары бойынша, сондай-ақ неғұрлым жоғары экономикалық тиімділікті қамтамасыз ететін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді бағалаудың басқа да өлшемдері бойынша белгілейді.

37. Конкурстық комиссия ұтқан конкурстық өтінімді анықтаған кезде отандық тауар өндірушілер болып табылатын ықтимал өнім берушілердің конкурстық өтінімдерінің бағасын конкурстық құжаттамада көрсетілген белгілі бір процентке кемітеді, сондай-ақ шағын кәсіпкерлік субъектілері мен мүгедектердің қоғамдық бірлестік ұйымдары беретін және көрсететін конкурстық құжаттамада көзделген тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің к ө л е м і н е с к е р е д і .

Отандық тауар өндіруші - Қазақ Республикасының резиденті болып табылатын және Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға (қолдануға) дайын тауар өндіретін, жергілікті еңбек ресурстарының кемінде 85 процентін пайдаланатын заңды немесе жеке тұлға.

Осы конкурстың нәтижесінде сатып алынатын отандық тауарлар өндірушінің конкурстық өтінімінің бағасы шартты түрде 20 процентке азайтылады.

Ескерту. 37-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.05.06. N 508 қаулысымен .

38. Конкурстық комиссия конкурстық құжаттамада көрсетілген өлшемдерді ескере отырып анықталатын, неғұрлым аз жиынтық шартты бағамен ұтқан конкурстық өтінімді дауыс беру жолымен анықтайды. Екі немесе бірнеше конкурстық өтінімдердің жиынтық шартты бағалары тең болған жағдайда

тауарлар берудің, жұмыстар орындаудың, қызметтер көрсетудің неғұрлым жақсы шарттарын ұсынатын конкурстық өтінімге басымдық беріледі.

3 9 . < * >

Ескерту. 39-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.04.25. N 324 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .

40. Конкурс қорытындысы туралы хаттама нысаны мен мазмұны бойынша осы Ережеге 8-қосымшаға сәйкес жасалады және оған конкурстық комиссияның төрағасы, оның орынбасары, конкурстық комиссияның мүшелері мен хатшысы қол қояды. Күрделі техникалық сипаттамалары мен ерекшеліктері бар жабдықтарды мемлекеттік сатып алу, құрылыс мерзімі алты айдан асатын күрделі объектілерді салу жөніндегі жұмыстарды сатып алу жүргізілген кезде конкурс қорытындыларын шығару мерзімдері отыз күнтізбелік күнге дейін ұ з а р т ы л у ы м ү м к і н .

Конкурстың қорытындылары туралы хаттамада осы тауарларды, жұмыстарды , көрсетілетін қызметтерді әрбір лот бойынша сатып алу үшін бөлінген сома к ө р с е т і л у г е т и і с .

Уәкілетті орган белгіленген тәртіппен осы конкурстың қорытындыларын қайта қарау туралы шешім қабылдаған жағдайларды қоспағанда, конкурстың қорытындылары туралы хаттамаға өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

Ескерту. 40-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.05.06. N 508 қаулысымен .

Параграф 4. Сатып алуды өзге тәсілдермен жүзеге асыру тәртібі

41. Баға ұсыныстарына сұрау салуды пайдалана отырып өнім берушіні таңдау тәсілімен тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырған кезде тапсырысшы ықтимал өнім берушіден сатып алынатын тауарларға, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге жазбаша баға ұсыныстарын ауызша немесе жазбаша сұратады. Мұндай сұрау салу бағаға тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің өз құнынан басқа, тасымалдауға, сақтандыруға жұмсалатын шығыстарды, кеден баждары мен салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер төлеуді, сондай-ақ ықтимал өнім беруші өзі ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасына енгізетін өзге де шығыстарды енгізу туралы ақпаратты қ а м т и а л а д ы .

Егер ықтимал өнім берушілер Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылса, баға ұсынысы осы баға ұсынысы берілген күнгі Қазақстан

Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша шетел валютасымен
к ө р с е т і л у і м ү м к і н .

Әрбір ықтимал өнім беруші жазбаша түрде ресімделуі тиіс бір ғана баға ұсынысын береді (ақы төлеуге арналған шот, прайс-парақ). Жеке тұлғалардың баға ұсынысы жеке куәлігінің нөмірін және егер ол болса банктік деректемелерін көрсете отырып, тапсырысшы басшысының атына өтініш түрінде ресімделеді.

Егер сатып алынатын тауарларды (жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді) сатуға және беруге (орындауға/көрсетуге) арналған қызмет міндетті түрде лицензиялануға тиіс болған жағдайда, тапсырысшы осындай лицензияның нотариатпен куәландырылған көшірмесін сұратады.

Тапсырысшы тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алған кезде ұсынылған шотқа сәйкес ақы төлейді, ал Қазақстан Республикасының тиісті қаржы жылына арналған заңнамасында белгіленген бір жүз айлық есептік көрсеткіштен астам сомаға - тапсырысшының қажеттілігін қанағаттандыратын ең төмен баға ұсынған ықтимал өнім берушімен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасады.

Ескерту. 41-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.05.06. N 508 қаулысымен қаулысымен.

42. Мемлекеттік сатып алу жөніндегі уәкілетті органға сатып алу тәсілін келісу үшін заңнамада белгіленген жағдайларда тапсырысшы ғана жүгінеді.

42-1. Жабық конкурс тәсілін келіскен кезде тапсырысшы уәкілетті органға мұндай таңдауға негіздемемен жабық конкурсқа қатысуға шақырылатын ықтимал өнім берушілердің тізбесін жібереді.

Ескерту. 42-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.05.06. N 508 қаулысымен .

42-2. Конкурсты ұйымдастырушы жабық конкурстың қорытындыларын өткізген күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде барлық қатысқан ықтимал өнім берушілерге оның атауын, жеңімпазды және мекен-жайын, конкурстың жеңімпазы ұсынған тауардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің атауы мен бірлік бағасын көрсете отырып, конкурстың нәтижелері туралы хабарлама жіберу жолымен хабарлайды. Жабық конкурстың қорытындылары туралы хабарлама осы Ережеге 13-қосымшаға сәйкес жасалады.

Ескерту. 42-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.05.06. N 508 қаулысымен .

43. Мемлекеттік сатып алуды Заңда көзделген жағдайларда және шартпен бір көзден сатып алу тәсілімен жүзеге асырған кезде конкурстық комиссия осы Ережеге 9-қосымшаға сәйкес нысан мен мазмұн бойынша бір көзден сатып алу хаттамасын жасайды.

44. Ашық тауарлық биржалар арқылы мемлекеттік сатып алулар Қазақстан Республикасының тауар биржалары туралы заңнамаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Параграф 5. Құрылыстағы мердігерлік жұмыстарды сатып алудың салалық ерекшеліктері

45. Өндірістік және тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстарды салуға, қайта жаңартуға, техникалық қайта жарақтандыруға және күрделі жөндеуге арналған мердігерлік жұмыстарды, сондай-ақ өзге де көлемді, жазықтағы немесе желілік объектілерді мемлекеттік сатып алу кезінде конкурсты ұйымдастырушы, сатып алудың нақты шарттарын ескере отырып, жекелеген конкурстарды өткізудің мынадай сабақтастығын:

1) жобалау алдындағы және/немесе жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуді ;

2) құрылысты (соның ішінде, қажет кезінде, жабдықтарды беру және монтаждау, сондай-ақ іске қосу-жөндеу жұмыстары және жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес басқа жұмыстар) белгілейді.

46. Жобалау алдындағы және/немесе жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге арналған конкурстарға конкурстық құжаттама жасаған кезде конкурсты ұйымдастырушы Заңның 12-бабының 1-тармағында санамаланған ақпараттан б а с қ а :

1) құрылыс алаңының, географиялық, инженерлік-геологиялық және басқа айрықша табиғи жағдайлардың қысқаша сипатталуын, инфрақұрылым мен коммуникациялардың болуын, жергілікті ресурстардың, стандарттар жүйесінің және техникалық нормативтердің, техникалық құжаттаманы әзірлеудің ресми т і л і н і ң с и п а т т а л у ы н ;

2) объектінің толық құрамын, аумақты инженерлік әзірлеу, өндіріс технологиясы және жабдықтау, инженерлік қамтамасыз ету, пайдаланылатын материалдар мен құрастырмалар, объектіні жарақтандыру және басқа қажетті а қ п а р а т б о й ы н ш а т а л а п т а р д ы ;

3) конкурстық құжаттаманың техникалық тапсырмасымен көзделген бірақ жобалау алдындағы және/немесе жобалау-сметалық құжаттаманың қателіктеріне (жете жасалмағандығына) байланысты туындаған жұмыстардың көлемі ұлғайған жағдайда, ықтимал өнім берушінің осы жұмыстарды өзінің есебінен төлеу м і н д е т т е м е с і н к ө з д е й д і .

Ескерту. 46-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.05.06. N 508 қаулысымен .

47. Құрылыс және құрылыс-монтаждау жұмыстары бойынша конкурстарға конкурстық құжаттаманың құрамында конкурсты ұйымдастырушы мемлекеттік сараптамадан өткен және белгіленген тәртіппен бекітілген, базалық бағаларға есептелген сметалық есептеулерді көздейтін жобалау-сметалық құжаттаманың қажетті бөлімдерін немесе көлемі жөнінен қысқа жобалық материалдарды (жоба бөлімдері - түсіндірме жазба, бас жоспар және көлік, сәулет-құрылыс және технологиялық бөлік, инженерлік қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау, техникалық-экономикалық бөлік, құрылысты ұйымдастыру және басқа) береді.

Ескерту. 47-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.29. N 1173 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз), 2006.08.08. N 747 қаулыларымен .

48. Жобалау-сметалық құжаттама объектіні салу шартының "кілтпен қоса тапсыру" талабына есептелген жағдайда, конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманы әзірлеген кезде құрылыстың "кілтпен қоса тапсыру" талабын көздей алады, бұл ретте мердігер құрылысты салу және оны қамтамасыз ету жөніндегі барлық міндеттерді өз мойнына алады және ол тапсырысшыға объектіні пайдалануға дайын күйінде өткізуге тиіс. Бұл орайда, егер объектіні салу созылмалы сипатқа ие болса, конкурстық құжаттамада құрылысты салу кезеңдері және/немесе жұмыстарды орындау кестесі көрсетіледі.

49. "Кілтпен қоса тапсыру" талабымен объектіні салу жұмыстарын мемлекеттік сатып алу жөнінде конкурс өткізген кезде, осы талап көрсетіле отырып, ш а р т ж а с а л а д ы .

Гимараттар мен құрылыстарды ағымдағы жөндеу бойынша жұмыстардың біртектес түрлерін мемлекеттік сатып алу жұмыстар көлемінің тізімдемесі негізінде жүргізіледі .

Жұмыстар көлемі тізімдемесінің әзірлеушісі бола отырып, тапсырысшы оның толықтығы және құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкестігі үшін жауапкершілік тартады.

50. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада бас мердігердің өткізілетін конкурстың нысанасы болып табылатын жұмыстар көлемінің (құрылыс құнының) жиынтығында үштен екісінен астамын қосалқы мердігерге беруіне тыйым салу туралы талапты көздейді.

51. Ірі және күрделі құрылыс объектілері немесе құрылыс мерзімі алты айдан астам объектілер бойынша мердігерлік жұмыстарды мемлекеттік сатып алу өткізуге арналған конкурстық құжаттамаға техникалық маманданымдар мемлекеттік с а р а п т а л у ғ а т и і с .

Ескерту. 51-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.05.06. N 508 қаулысымен .

52. Ағымдағы жөндеу жөніндегі жұмыстарды мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурсты өткізген кезде конкурсты ұйымдастырушы жұмыстардың әрбір түрі бойынша ықтимал өнім берушілерді анықтау жөнінде конкурстар өткізіледі.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.05.06. N 508 қаулысымен .

53. Жұмыстарды мемлекеттік сатып алулар жөніндегі конкурсқа қатысатын және бас мердігер болып әрекет ететін ықтимал өнім беруші осы құрылыста көзделген барлық жұмыстарға немесе қосалқы мердігерлерді тартқан жағдайда, олар орындайтын жұмыс түрлеріне лицензия ұсынады.

Қосалқы мердігерлерді тартқан жағдайда ықтимал өнім беруші өзінің конкурстық өтінімінде осындай қосалқы мердігерлердің тізбесін көрсетеді.

Параграф 5-1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 маусымдағы N 1388 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде жүзеге асырылатын тұрғын үй салу жөніндегі жұмыстарды мемлекеттік сатып алу ерекшеліктері

Ескерту. 5-1 параграфпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2007.03.31. N 245 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .

53-1. Конкурстық өтінімдерді дайындау және Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005 - 2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде жүзеге асырылатын тұрғын үй салу жөніндегі жұмыстарды мемлекеттік сатып алу бойынша конкурстық өтінімдер дайындау және ашық конкурсқа қатысу үшін ықтимал өнім берушілерге конкурсты ұйымдастырушы ұсынатын конкурстық құжаттама»"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 8-тармағына сәйкес үлгі негізінде жасалуы тиіс және бұдан басқа орындалатын жұмыстардың қолайлылығын растайтын құжаттардың мынадай тізбесін қамтуы тиіс:

1) техникалық айрықшалық. Ықтимал өнім беруші ұсынатын техникалық айрықшалық конкурстық құжаттамада көзделгеннен неғұрлым үздік технологиялық шешімдер және/немесе жұмыстарды жақсы материалдардан орындау ұсынылатын жағдайды қоспағанда, конкурсты ұйымдастырушының конкурстық құжаттамасына және ықтимал өнім беруші ұсынатын Техникалық айрықшалыққа сәйкес келуі тиіс;

2) орындалатын жұмыс түрлерінің сапасын бақылау жүйесінің бар-жоғын және нормативтік-техникалық актілерге сәйкес аккредиттелген зертхананың

немесе осы функцияларды жүзеге асыратын заңды тұлғамен жасалған шарттың бар-жоғын растайтын құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

3) еңбекті қорғау қызметінің және қауіпсіздік техникасының бар-жоғын растайтын құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

4) осы жұмыс түрлеріне белгіленген нормативтік талаптарға сәйкес материалдық-техникалық базаның және өндірістік-тұрмыстық жағдайдың бар-жоғын растайтын құжаттардың (техникалық паспорттар/техникалық паспорттармен бірге жалдау шарттары) нотариалды куәландырылған көшірмелері ;

5) ықтимал өнім берушіде мердігерлік жұмыстарды орындау үшін қажетті жеке капиталдың бар-жоғын растайтын құжаттар.

53-2. Конкурстық өтінімдердің шартты бағасын салыстыру мен салыстырып тексеру мақсатында оларды есептеу үшін барлық қабылданған конкурстық өтінімдерге тең мөлшерде қолданылатын бағадан басқа, конкурстық өтінімдерді бағалау мынадай өлшемдерді қамтуы тиіс:

1) "жұмыс тәжірибесі -»жұмыстарды мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурсқа қатысатын ықтимал өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы мәселесін қарау кезінде конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығындағы жұмыс тәжірибесін ғана қарайды. Бұл ретте конкурстық комиссия ықтимал өнім берушінің сатып алынатын жұмыстардың нарығында бар жұмыс тәжірибесінің әрбір екі жылы үшін конкурстық өтінімнің бағасын бір жылдан бастап бір процентке, бірақ он проценттен артық емес шартты түрде азайтады";

2) орындалған жұмыстар кепілдігінің шарттары -»"ықтимал өнім беруші орындалатын жұмыстардың конкурстық құжаттаманың техникалық шарттарына сәйкестігін қамтамасыз ете отырып, тұрғын үй ғимаратын пайдалану сипаттамасына кепілдік кезеңді көрсетеді. Бұл ретте кепілдік кезеңі объекті пайдалануға қабылданған күннен бастап екі жылдан кем болмауы керек. (Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада осы өлшем бойынша салыстырмалы мәнді көздеуге, сондай-ақ конкурстық өтінімдерді бағалау мен салыстыру тәсіліне сипаттама беруге тиіс);

3) жұмыстарды орындау мерзімі - "егер конкурстық құжаттамада көрсетілген мерзіммен салыстырғанда конкурстық құжаттамада жұмысты аяқтаудың неғұрлым кеш мерзімімен конкурстық өтінімдерді ықтимал өнім берушілердің ұсыну мүмкіндігі көзделген болса, онда конкурстық комиссия жұмыстарды аяқтаудың талап етілетін мерзімімен салыстырғанда кешіктірудің әрбір аптасы үшін конкурстық өтінім құнының белгілі бір проценті негізінде осы процентті ақшалай түрде көрсетуге және осы процентті жұмыстарды аяқтаудың неғұрлым кеш мерзімімен конкурстық өтінім бағасына шартты түрде қосуға құқылы. Бұл рәсім жұмыстарды аяқтаудың неғұрлым кеш мерзімін көздейтін әрбір

конкурстық өтінімге жеке қолданылады. Жұмыстарды мерзімінен бұрын аяқтағаны үшін бағаны шартты түрде төмендету көзделмейді.

Параграф 6. Іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер жүргізу бойынша көрсетілетін қызметтерді, фармацевтикалық және медициналық мақсаттағы өнімдерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың ерекшеліктері

54. Олар үшін сатып алуды жүзеге асырудың басқа тәсілі Заңмен көзделмеген , оларды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізу міндетті іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер жүргізу бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу екі кезеңді рәсімді пайдалана отырып конкурс өткізу тәсілімен жүзеге асырылуға тиіс.

55. Конкурсқа қатысуға арналған конкурстық өтінімді ықтимал өнім беруші әрбір бағдарлама, жоба (лот) бойынша ресімдейді және онда ұсыныстың техникалық-экономикалық, қаржылық және ғылыми-технологиялық тиімділігін, бағдарламалар мен жобаларды және зерттеулердің нәтижелерін іске асыру кезіндегі әлеуметтік, экологиялық және басқа салдарларын сараптамалық бағалау үшін қажетті және жеткілікті ақпарат, сондай-ақ қабылданатын міндеттемелерді орындау үшін кәсіби білімінің, тәжірибесінің, беделінің, қажетті қаржылық, материалдық-техникалық және еңбек ресурстарының бар екенін растайтын құжаттар болуға тиіс.

56. Бастапқы конкурстық өтінімдерді ашудың және түпкілікті қабылдаудың мерзімі Заңның 11-бабының 2-тармағына сәйкес белгіленеді.

57. Ықтимал өнім беруші әзірлеген және ұсынатын бастапқы конкурстық өтінімде мынадай компоненттер болуға тиіс:

1) конкурстық құжаттамаға сәйкес толтырылған конкурсқа қатысуға арналған ө т і н і м ;

2) ықтимал өнім берушінің конкурстық құжаттама талап ететін, мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурсқа қатысу үшін қажетті біліктілікке ие екендігі туралы куәландыратын құжаттамалық дәлелдеме;

3) сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің техникалық, сапалық және өзге сипаттамаларына қатысты ұсыныстар және оларды көрсетудің талаптары;

4) конкурстық құжаттамаға сәйкес ұсынылуы қажет басқа да құжаттар.

58. Мұндай конкурстың бірінші кезеңінде ықтимал өнім берушінің, конкурстық өтінімдердің техникалық ерекшеліктері мен баға талаптарына сәйкестігін қоспағанда, Заңның 8-бабының 1-тармағында санамаланған біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттамада көрсетілген өлшемдерге сәйкестігі қаралады.

59. Конкурстық комиссия бірінші кезеңде, егер:

1) конкурстық өтінім берген ықтимал өнім беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмесе;

2) конкурстық өтінім конкурстық құжаттаманың талаптарына жауап бермесе конкурстық өтінімді қабылдамай тастайды.

60. Конкурстың бірінші кезеңінде конкурстық комиссия көрсетілетін қызметтердің техникалық, сапалық немесе өзге сипаттамаларына және оларды көрсетудің (бағадан басқа) шарттық талаптарына қатысты бастапқы конкурстық өтінімі қабылданған кез келген ықтимал өнім берушімен келіссөздер жүргізе алады.

61. Конкурстың бірінші кезеңі аяқталуы бойынша конкурсты ұйымдастырушы конкурстық комиссияның шешімі негізінде конкурстық құжаттамаға өзгерістерді әзірлейді және бекітеді, олар конкурстық құжаттаманың барлық жеткіліксіз бөлімдерін, сондай-ақ түпкілікті конкурстық өтінімдерді ұсынудың және ашудың талаптарын қамтиды.

Түпкілікті конкурстық өтінімдерді ұсынудың және ашудың мерзімін конкурсты ұйымдастырушы, конкурстың бірінші кезеңінде қабылданған бастапқы конкурстық өтінімдерді, конкурстық құжаттамаға бекітілген өзгерістерді барлық ықтимал өнім берушілерге ұсынғаннан кейін 20 күннен кешіктірмей, дербес белгілейді.

62. Конкурстық құжаттамаға өзгерістерде конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінімдерді бағалау мен салыстыру және ұтқан конкурстық өтінімді анықтау үшін конкурстық құжаттамада кез келген бастапқы белгіленген көрсетілетін қызметтердің техникалық, сапалық немесе өзге сипаттамаларының аспектілерін, сондай-ақ конкурстық құжаттамада кез келген бастапқы белгіленген өлшемдерді алып тастай алады немесе өзгерте алады және жаңа сипаттамалар мен өлшемдер қоса алады.

Бастапқы бекітілген конкурстық құжаттама, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар бірыңғай конкурстық құжаттаманы құрайды.

63. Конкурстың екінші кезеңінде іріктеудің бірінші кезеңінен өткен, іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер бойынша тиісті бағдарламаны (жобаны), конкурстық комиссия ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы уәкілетті орган ұйымдастыратын мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптамаға жібереді. Конкурстың екінші кезеңінде техникалық ерекшелікке сәйкестік мәселесі қаралады және конкурстық өтінімдер баға факторы бойынша және осы Ережеде белгіленген және конкурстық құжаттамада көрсетілген бағалау өлшемдеріне сәйкес жүзеге асырылады. Жеңімпаз конкурстық өтінімдердің шартты бағаларын салыстыру арқылы анықталады.

64. Қажет жағдайда конкурстың екінші кезеңінде іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің бағдарламалары мен жобалары арнаулы сараптамаға (экологиялық және/немесе басқа) жіберілуі мүмкін.

65. Іргелі және қолданбалы зерттеулер бойынша конкурс өткізген кезде конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу күнінен бастап кемінде 75 күнтізбелік күн деп белгіленеді.

66. Конкурстық құжаттамаға сәйкес ұсынылған түпкілікті конкурстық өтінімдер осы Ережеге сәйкес бағаланады және салыстырылады.

67. Егер осы параграфпен өзгеше көзделмесе, екі кезеңді рәсімді пайдалана отырып тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша конкурс өткізу кезінде ашық және жабық конкурс өткізу кезіндегідей рәсімдер мен ережелер пайдаланылады.

68. Медициналық мақсаттағы фармацевтикалық өнімді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде біртектес тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді анықтау үшін тапсырысшы медициналық мақсаттағы біртектес құралдар мен бұйымдар топтарының тізбесін көздейтін, азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы орталық атқарушы органның актісін басшылыққа алады.

Параграф 7. Бағдарламалық қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың ерекшеліктері

69. Бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу және оны сүйемелдеу бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу кезінде конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада әзірленген бағдарламалық өнімге мүліктік құқықтың тапсырысшыға тиесілілігі туралы, сондай-ақ тапсырысшының қызметкерлерін оқыту туралы талапты көздейді.

Осы талап мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделуге тиіс.

70. Конкурсты ұйымдастырушы осындай бағдарламалық өнімді сүйемелдеудің толық циклын көздей алады.

71. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада өнім берушінің қосалқы мердігерлердің сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің жалпы көлемінің үштен бірінен аспайтын көрсетілетін қызметтерін тарту мүмкіндігі туралы көрсетуі қажет.

Параграф 8. Ауыл шаруашылығы өнімдері мен оның өңделген өнімдерін, сондай-ақ оларды сақтау мен тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен жүргізудің ерекшеліктері.

Ескерту. 8-параграф жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.08.19. N 825 қаулысымен , 8-параграф алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.03.27. N 371 қаулысымен .

Параграф 9. Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын бірыңғай конкурсты ұйымдастырушы

74. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен бюджеттік шығындарды азайту мақсатында және мемлекеттік органдарға ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерден басқа, бірнеше тапсырысшылардың тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің біртектес түрлерін сатып алу қажеттігі туындаған жағдайда, бірыңғай конкурсты ұйымдастырушы белгіленуі мүмкін.

75. Бірыңғай конкурсты ұйымдастырушы белгіленген жағдайда тапсырысшылар конкурсты ұйымдастырушыға олар белгілеген мерзімде, конкурсты ұйымдастыру мен өткізу үшін қажет ақпарат, соның ішінде осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша сатып алудың жоспарын, сатып алынатын тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) техникалық ерекшеліктерін, жұмыстарды сатып алған кезде объектілердің құрылысына арналған жобалау-сметалық құжаттаманы ұсынады, сондай-ақ бірыңғай конкурсты ұйымдастырушыға осы ақпараттағы өзгерістер туралы дереу хабарлайды. Бұл орайда тапсырысшылар ұсынылатын ақпараттың сапасы мен толықтығына кепілдік береді.

76. Бірыңғай конкурсты ұйымдастырушы конкурстық рәсімдерді әзірлеу және өткізу жөніндегі өзінің қызметін Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

77. Бірыңғай ұйымдастырушы өткізген конкурстың қорытындысы бойынша тапсырысшылар жеңімпаздармен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасасады.

Параграф 10. Ұсынылған конкурстық құжаттама үшін ақы алудың тәртібі мен шарты

78. Конкурстық құжаттаманы бергені үшін мемлекеттік мекемелер алатын ақы конкурсты ұйымдастырушының тиісті бюджетінің кірістер кодына аударылады.

79. Мемлекеттік кәсіпорындар, сондай-ақ акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдар және солармен аффилиирленген заңды

тұлғалар конкурстық құжаттаманы ұсынғаны үшін алатын ақы конкурсты ұйымдастырушының қызмет көрсетілетін банктердегі банктік шотына немесе оның бухгалтериясына аударылады.

80. Конкурсты ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға тілек білдірген ықтимал өнім берушіге конкурстық құжаттаманы ұсынғаны үшін, конкурстық құжаттаманың көшірмесін жасауға, ал жабық конкурс өткізілген жағдайда, оны салып жіберуге кететін нақты шығыннан аспайтын ақы алуға құқылы.

81. Конкурстық құжаттаманы байланыс көрсететін қызметті пайдалана отырып жөнелту қажет болған жағдайда, осы көрсетілетін қызметтер бойынша конкурсты ұйымдастырушының шығыны конкурстық құжаттаманы ұсынғаны үшін алынатын ақының жалпы мөлшеріне енгізіледі.

82. Ақы төленгені туралы растау конкурсты ұйымдастырушыға конкурстық құжаттаманы алған кезде беріледі.

83. Шағын кәсіпкерлік субъектілері мен Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құратын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер өндіретін ұйымдарға және Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын жеке тұлғаларға конкурстық құжаттама тегін беріледі.

Параграф 11. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің тәртібі

84. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету:

- 1) банкте орналастырылатын ақша кепілі;
- 2) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес берілген және осы Ереженің 10-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған банктік кепілдеме түрінде белгіленуі мүмкін.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету мөлшерін конкурсты ұйымдастырушы (тапсырысшы), егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жалпы сомасының 3%-ынан 5%-ына дейінгі мөлшерде белгілейді.

85. Конкурстық құжаттамада конкурсты ұйымдастырушы мемлекеттік мекеменің атынан, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуді ақша кепілі түрінде көздеген жағдайда, олар тапсырысшының конкурстық құжаттамада көрсетілген тиісті шотына енгізіледі.

86. Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мазмұнын, нысанын және енгізілу талаптарын осы Ережеге сәйкес тапсырысшы анықтайды, олар конкурстық құжаттамада көрсетіледі және мемлекеттік сатып алу туралы үлгі шартқа сәйкес жасалатын мемлекеттік сатып алу туралы шартта айтылады.

87. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шартқа тараптар қол қойғаннан кейін, егер бұл шартта өзгеше көзделмесе, он жұмыс күні ішінде енгізеді.

Параграф 12. Өткізуге дайындалып жатқан және өткізілген мемлекеттік сатып алу туралы мәліметтердің жариялану тәртібі

88. Конкурсты ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті орган айқындайтын мерзімді баспасөз басылымында өткізуге дайындалып жатқан және өткізілген мемлекеттік сатып алу туралы хабарландыру жариялайды.

Уәкілетті орган айқындаған мерзімді баспасөз басылымы туралы ақпарат уәкілетті органның Web-сайтында орналастырылады.

Ескерту: 88-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы N 1446 Қаулысымен .

8	9	.	<	*	>
9	0	.	<	*	>
9	1	.	<	*	>

Ескерту: 89-91-тармақтар алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы N 1446 Қаулысымен .

92. Ашық конкурс өткізген жағдайда конкурсты ұйымдастырушы, мерзімді баспасөз басылымында хабарландыру жариялаудан басқа, конкурс өткізу туралы ақпаратты Web-сайтта орналастыра алады, сондай-ақ жарияланған хабарландыру көлемінде өзіне белгілі ықтимал өнім берушілерге конкурсқа қатысу жөнінде шақыру жібере алады.

93. Конкурс өтпеген жағдайда конкурсты ұйымдастырушы конкурсқа қатысқан барлық ықтимал өнім берушілерге конкурс өткізілетіні туралы хабарландыру жарияланған мерзімді баспасөз басылымының өзінде конкурстың өтпегені туралы хабарлайды.

94. Конкурстың қорытындылары туралы хабарландыруды конкурсты ұйымдастырушы конкурс өткізілетіні туралы хабарландыру жарияланған мерзімді баспасөз басылымында осы Ережеге 11-қосымшаға сәйкес нысанда жариялайды, ал оннан астам атаудағы (лоттар) тауарлар мен көрсетілетін қызметтер сатып алынған жағдайда конкурсты ұйымдастырушының Web-сайтына орналастырылуы мүмкін.

95. Баспасөз баспаларының хабарландырулар жариялау жөніндегі қызметтерін мемлекеттік сатып алу, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3-тарау. Қорытынды ережелер

96. Тапсырысшы шарттың орындалуына енгізілген қамтамасыз етуді өнім беруші осы шарт бойынша өз міндеттемелерін шартта көрсетілген мерзімде толық және тиісінше орындағаннан кейін немесе, егер шартта бұл мерзім көрсетілмесе, өнім беруші міндеттемелерін толық орындаған сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде өнім берушіге қайтарады.

97. Ереженің салалық ерекшеліктерінде көрсетілген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде шарттар жасасу мерзімдері, Заңның 23-бабының 2-тармағында белгіленгенінен басқа, конкурс қорытындылары шығарылған күннен бастап бір айға дейін ұзартылуы мүмкін.

98. Егер өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаса немесе тиісті түрде орындамаса (тауарларды жеткізіп беру, жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету мерзімдерін бұзу, сапасыз тауарлар беру, жұмыстарды сапасыз орындау, сапасыз қызметтер көрсету, шарттың басқа да талаптарын бұзу), онда тапсырысшы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес шарттың орындалуына өнім беруші енгізген қамтамасыз етуді ұстап қалады.

Уәкілетті орган Тапсырысшының өтініші бойынша уәкілетті органның Web-сайтында орналастырылатын теріс пиғылды немесе сенімсіз өнім берушілердің тізіміне енгізген өнім беруші:

Заңның 8-бабының 3-тармағына сәйкес теріс пиғылды өнім берушілерге қатысты біліктілік талаптар бойынша оларға толық емес немесе дұрыс емес ақпарат беру фактісі белгіленген сәттен бастап бір жыл;

Заңның 8-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы осындай шарттар бойынша олардың өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиесілі орындамағаны үшін жауапкершілікке тарту туралы ол бойынша соттың шешімі бар шарт жасалған сәттен бастап екі жыл ішінде мемлекеттік сатып алу процесіне қатысуға жіберілмейді.

Осы Ережеде теріс пиғылды өнім беруші деп жалған және/немесе толық емес ақпаратты ұсынған өнім берушілер түсіндіріледі (Заңның 8-бабының 3-тармағы).

Осы Ережеде сенімсіз өнім беруші деп оған қатысты мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шарттар бойынша олар міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін оны жауапкершілікке тарту туралы соттың заңды күшіне енген шешімі бар өнім беруші түсініледі (Заңның 8-бабы 1-тармағының 5) тармақшасы).

Ескерту. 98-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.05.06. N 508 қаулысымен .

99. Конкурстық рәсімдерді өткізу кезінде конкурс комиссиясы жол берген жолсыздықтар анықталған жағдайда, тапсырысшының басшысы және/немесе конкурсты ұйымдастырушы конкурсты өтпеді деп тануға құқылы, сондай-ақ қажет болған кезде тапсырысшының басшысы және/немесе конкурсты ұйымдастырушы және/немесе ықтимал өнім беруші конкурс комиссиясының шешімін қайта қарау немесе конкурс комиссиялары шешімдерінің күшін жоқ мәселесі бойынша мемлекеттік сатып алу жөніндегі уәкілетті органға жүгінуге құқылы.

Егер конкурсты өткізу барысында Қазақстан Республикасының сатып алу туралы заңнамасының бұзылу фактілері анықталса, тапсырысшы мен конкурсты ұйымдастырушы конкурс рәсімін тоқтата тұрады, шартқа қол қоюдан бас тартады, конкурсты өтпеді деп таниды және мемлекеттік сатып алу жөніндегі уәкілетті органға бұл туралы хабарлайды.

100. Конкурс рәсімдері осы Ереженің 99-тармағында көрсетілген себептермен тоқтатылған жағдайда, конкурсты ұйымдастырушы конкурс өткізілетіні туралы хабарландыру жарияланған мерзімді басылымның өзінде хабарландыру жариялайды, сондай-ақ конкурсқа қатысқан әрбір ықтимал өнім берушіге конкурс рәсімдерінің тоқтатылғаны туралы хабарлайды.

101. Мемлекеттік органдардың, мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындардың қызметін толассыз қамтамасыз ету мақсатында тапсырысшы тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттың қолданылуын, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде белгіленген мерзімде республикалық бюджет туралы заң немесе мәслихаттың тиісті жылға арналған жергілікті бюджет туралы шешімі қабылданбаса, сол шарт бойынша осы Ережеге 12-қосымшада көрсетілген тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесіне сәйкес ағымдағы жылдың бірінші тоқсанының бюджеттік қаржы бөлу көлемінен аспайтын көлемде келесі жылдың бірінші тоқсанына ұзартуға құқылы.

102. Мемлекеттік сатып алу процесі мемлекеттік органдарға мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындарға арналған қаржы жоспары және шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарға, акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдарға, сондай-ақ олармен аффилиирленген заңды тұлғаларға арналған бюджеттер (бизнес-жоспарлар) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілгеннен кейін жүзеге асырылады.

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің номенклатурасы мен көлемін дайындауды және бекітуді Қазақстан

Республикасының ұлттық Банкі оның шығындарының қолданылып жүрген жіктемесіне сәйкес жүзеге асырады, соның негізінде мемлекеттік сатып алу жоспары жасалады.

103. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған ведомстволық бағынысты мемлекеттік кәсіпорындарға оның мақсаттар мен міндеттерін іске асыру үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік тапсырыс беруі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бекітілген бюджеті (шығыс сметалары) шеңберінде уәкілетті органмен келісе отырып жүзеге асырылады.

104. Заңда көзделген жағдайда мемлекеттік сатып алу тәсілін таңдауды келісуді мемлекеттік сатып алу процесі басталғанға дейін тапсырысшы жүзеге асырады.

Ескерту. 104-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.05.06. N 508 қаулысымен .

105. Сатып алынатын тауарлар тез бұзылатын сипатта болған жағдайда, конкурсты ұйымдастырушы аймақтар бойынша жеке конкурстар өткізе алады.

106. Конкурсты ұйымдастырушының конкурс құжаттамасын, соның ішінде нақты сатып алуға қойылатын техникалық талаптарды дайындауы кезінде адал бәсекені қамтамасыз ету мақсатында сол сатып алуға коммерциялық жағынан мүдделі болуы мүмкін және сатып алынатын тауарларды жеткізіп беру (қызметтер көрсету жұмыстар орындау) саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты ұйымдардың кеңестері мен сондай адамдардың қызметтерін пайдалануға жол берілмейді.

107. Ашылған конкурстық өтінімдер ықтимал өнім берушілерге қайтарылмайды. Банк кепілдігінің түпнұсқасына ерекшелік жасалуы мүмкін, бұл орайда конкурсты ұйымдастырушы осы құжаттың конкурсты ұйымдастырушы куәландырған ксерокөшірмесі сақталуға тиіс.

108. Өткізілген мемлекеттік сатып алу материалдары конкурсты ұйымдастырушының/тапсырысшының тиісті іс номенклатурасында белгіленген тәртіппен сақталады.

Ескерту. 108-тармақ жаңа редакцияда- ҚР Үкіметінің 2004.05.06. N 508 қаулысымен .

109. Баға (тарифтер) немесе олардың шекті деңгейін және шығындар қалыптасуының ерекше тәртібін белгілеу бөлігінде табиғи монополия субъектілерінің қызметін реттеуді, сондай-ақ сатып алу тәсілін реттеу мен келісуді табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган жүзеге асырады.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу жөніндегі заңнамасы нормаларының сақталуын бақылауды мемлекеттік сатып алу жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

110. Тапсырысшының (конкурсты ұйымдастырушының) оқшауланған бөлімшелері Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары орналасқан жағдайда, олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етуге арналған мемлекеттік сатып алу процесі олар орналасқан аумақтағы мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес жүзеге асырылады.

1-қосымша

Толтырылған уақыты: _____ жылғы _____ / _____

(Тапсырыс берушінің атауы) _____ жылға тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді) сатып алу жоспары (қажеттілік) (осы _____ құжат конкурстық құжаттаманың құрамдас бөлігі болып табылмайды _____ және ықтимал өнім берушілерге ұсынылмайды, тапсырыс беруді _____ және конкурстың ұйымдастырушысына береді)

№	Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің атауы	Тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің сипаттамасы ((сипаттау) толық сипаттамасын осы)	Өлшем бірлігі	Саны	Тауарды жеткізу, жұмыс орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Тауарды жеткізу, жұмыс орындау, қызметтерді көрсету орны	Сатып алу үшін бюджет. көзделген сомасы
1	2	3	4	5	6	7	8
		Егер тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің сипаттамасын осы			Қажет болған жағдайда жеткізу орындау// көрсету кестесі қоса		

	бағанда		берілуі	
	сипаттау		тиіс	
	мүмкін			
	болмаса он.			
	да ол жеке			
	қосымшаға			
	(техникалық			
	ерекшелік)			
	жазылады			
	және бұл			
	жерде қо.			
	сымша(лар)			
	ға сілтеме			
	жасалады			

Тапсырыс беруші басшының лауазымы, тегі, аты-жөні және қолы
М.О.

2-қосымша

Алдағы болатын конкурс туралы хабарландыру нысан

_____ мынадай
(конкурсты ұйымдастырушының атауы)
тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) (тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) қысқаша сипаттау және олардың құны көрсетілмеген саны (көлемі); (конкурсты ұйымдастырушы сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) толық тізбесі, олардың саны және егжей-тегжейлі ерекшелігі конкурстық құжаттамада көрсетілген деп сілтеме жасауға құқылы) мемлекеттік сатып алу бойынша конкурс өткізу туралы х а б а р л а н д ы р а д ы .

Тауар жеткізілуі (жұмыстар немесе қызметтер орындалуы/көрсетілуі) тиіс: (тауарларды жеткізу, жұмыстарды немесе қызметтерді орындау/көрсету орны к ө р с е т і л е д і) .

Жеткізудің (орындаудың, көрсетудің) талап етілетін мерзімі Конкурсқа " Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 1-тармағында көрсетілген біліктілік талаптарына жауап беретін барлық ықтимал ө н і м берушілер жіберіледі.

Конкурстық құжаттама пакетін _____ ж." _____ " _____ (конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашқанға дейін 24 сағат бұрын уақыты мен күні

көрсетіледі) _____ сағатты қоса алғанда дейінгі мерзімде мына мекен-жай бойынша _____, N _____ бөлме сағат _____ -ден _____ -ге дейін немесе мекен-жайы _____ электрондық почта бойынша ықтимал өнім беруші конкурстық құжаттама төленгені туралы құжатты бергеннен кейін алуға болады.

Конкурстық құжаттама пакетінің құны _____ теңгені құрайды және _____ есепшотқа енгізіледі (конкурсты ұйымдастырушының тиісті есепшоты көрсетіледі) (егер ақы төлеу көзделмесе, осы абзац алынып тасталады).

Ықтимал өнім берушілер конкурсқа қатысу үшін конверттерге жапсырылған конкурстық өтінімдерін (конкурсты ұйымдастырушының атауы көрсетіледі) мекен-жай бойынша (толық мекен-жайы, бөлменің N көрсетіледі) табыс етеді (ж і б е р е д і) .

Конкурстық өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі (уақыты мен күні көрсетіледі) _____ д е й і н .

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер (уақыты мен күні көрсетіледі) мынадай мекен-жай бойынша (толық мекен-жайы, бөлменің N көрсетіледі) ашылады. Ықтимал өнім берушілер конкурстық өтінімдер салынған конверттерді а ш у _____ к е з і н д е _____ қ а т ы с а _____ а л а д ы .

Қосымша ақпарат пен анықтаманы (қаланың коды мен телефон нөмірі көрсетіледі) телефон бойынша алуға болады.

3-қосымша

Жабық конкурс өткізу туралы хабарлама нысаны

Кімге _____
(ықтимал өнім берушінің атауы)
_____ мынадай
(конкурсты ұйымдастырушының атауы)
тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) (тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) қысқаша сипаттау және олардың саны (көлемі); (конкурсты ұйымдастырушы сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) толық тізбесі, олардың саны және егжей-тегжейлі ерекшелігі конкурстық құжаттамада көрсетілген деп сілтеме жасауға құқылы) мемлекеттік сатып алу бойынша жабық конкурс өткізу туралы Сізді хабарландырады және Сізді оған қатысуға шақырады.

Тауар жеткізілуі (жұмыстар немесе қызметтер орындалуы/көрсетілуі) тиіс: (тауарларды жеткізу, жұмыстарды немесе қызметтерді орындау/көрсету орны көрсетіледі) .

Жеткізудің (орындаудың, көрсетудің) талап етілетін мерзімі _____

Конкурсқа "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы

Заңының 8-бабының 1-тармағында көрсетілген біліктілік талаптарына жауап беретін барлық ықтимал өнім берушілер жіберіледі.

Конкурстық құжаттама пакетін _____ ж. "___" _____ (конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашқанға дейін 24 сағат бұрын уақыты мен күні көрсетіледі) _____ сағатты қоса алғанда дейінгі мерзімде мына мекен-жай бойынша _____, N _____ бөлме сағат _____ -ден _____ -ге дейін немесе мекен-жайы _____ электрондық почта бойынша ықтимал өнім беруші конкурстық құжаттама төленгені туралы құжатты бергеннен кейін алуға болады.

Конкурстық құжаттама пакетінің құны _____ теңгені құрайды (егер ақы төлеу көзделмесе, осы абзац алынып тасталады).

Ықтимал өнім берушілер конкурсқа қатысу үшін конверттерге жапсырылған конкурстық өтінімдерін (конкурсты ұйымдастырушының атауы көрсетіледі) мекен-жай бойынша (толық мекен-жайы, бөлменің N көрсетіледі) табыс етеді (**ж і б е р е д і**) .

Конкурстық өтінімдерді табыс етуі соңғы мерзімі (уақыты мен күні **к ө р с е т і л е д і**) _____ **д е й і н** .

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер (уақыты мен күні көрсетіледі) мынадай мекен-жай бойынша (толық мекен-жайы бөлменің N көрсетіледі) ашылады. Ықтимал өнім берушілер конкурстық өтінімдер салынған конверттерді **а ш у** _____ **к е з і н д е** _____ **қ а т ы с а** _____ **а л а д ы** .

Қосымша ақпарат пен анықтаманы (телефон нөмірі көрсетіледі) телефон бойынша алуға болады.

4-қосымша

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.05.06. N 508 қаулысымен .

(Кімге) _____
(конкурсты ұйымдастырушының атауы)

(Кімнен) _____
(ықтимал өнім берушінің атауы)

Конкурсқа қатысуға өтінім

(заңды тұлғалар үшін)

Оның алынғандығы осымен куәландырылатын _____
(конкурстың атауы)

_____ конкурс өткізу жөніндегі конкурстық құжаттаманы қарай келіп, _____

_____ (ықтимал өнім берушінің атауы)

конкурстық құжаттамаға сәйкес мынадай лоттар бойынша тауарларды беруді (жұмыстарды орындауды, қызметтерді көрсетуді) жүзеге асыруды ұсынады:

(тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің толық сипаттамасы)

Осы конкурстық өтінім мыналардан тұрады:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____
7. _____
8. _____
9. _____
10. _____

Біз, біздің конкурстық өтінім ұтып шықты деп танылған жағдайда, _____ күн ішінде тауарларды беруді (жұмыстарды орындауды, қызметтерді көрсетуді) бастауға және осы конкурстық өтінімде көрсетілген барлық тауарларды беруді (жұмыстарды орындауды, қызметтерді көрсетуді) біздің конкурстық өтінімді ұтып шықты деп тану туралы Сізден хабарлама алған сәттен бастап _____ күн ішінде аяқтауға міндеттенеміз.
(ж а з б а ш а)

Біздің конкурстық өтінім ұтып шықты деп танылған жағдайда, біз шарттың жалпы сомасының _____ процентін құрайтын сомаға мемлекеттік сатып алу туралы шартты* орындауды қамтамасыз етуді е н г і з е м і з .
(ж а з б а ш а)

Осы конкурстық өтінім конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашқан күннен бастап _____ күн ішінде қолданылады.
(ж а з б а ш а)

Мемлекеттік сатып алу туралы шартты жасасқан сәтке дейін осы конкурстық өтінім оны ұтып шықты деп тану туралы Сіздің хабарламаңызбен бірге біздің арамыздағы міндетті шарт рөлін атқаратын болады.

(Қолы, күні)

(Лауазымы, тегі, аты-жөні)

М . О .

_____ атынан және

(ықтимал өнім берушінің атауы)

тапсыруы бойынша конкурстық өтінімге қол қоюға барлық өкілеттігі бар.

* егер шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізу конкурстық құжаттамада көзделген болса көрсетіледі"

5-қосымша

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.05.06. N 508
қаулысымен .

(Кімге) _____

(конкурсты ұйымдастырушының атауы)

(Кімнен) _____

(ықтимал өнім берушінің тегі, аты, әкесінің аты)

Конкурсқа қатысуға өтінім

(жеке тұлғалар үшін)

Оның алынғандығы осымен куәландырылатын _____

(конкурстың атауы)

конкурс өткізу жөніндегі конкурстық құжаттаманы қарай келіп, конкурстық құжаттамаға сәйкес мынадай лоттар бойынша тауарларды беруді (жұмыстарды орындауды, қызметтерді көрсетуді) жүзеге асыруды ұсынамын:

(тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің толық сипаттамасы)

Осы конкурстық өтінім мыналардан тұрады:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____
7. _____

8. _____
9. _____
10. _____

Мен, менің конкурстық өтінімім ұтып шықты деп танылған жағдайда, _____ күн ішінде тауарларды беруді (жұмыстарды (ж а з б а ш а) орындауды, қызметтерді көрсетуді) бастауға және осы конкурстық өтінімде көрсетілген барлық тауарларды беруді (жұмыстарды орындауды, қызметтерді көрсетуді) менің конкурстық өтінімді ұтып шықты деп тану туралы Сізден хабарлама алған сәттен бастап _____ (ж а з б а ш а) күн ішінде аяқтауға міндеттенемін.

Менің конкурстық өтінімім ұтып шықты деп танылған жағдайда, мен шарттың жалпы сомасының _____ процентін құрайтын сомаға (ж а з б а ш а) мемлекеттік сатып алу туралы шартты* орындауды қамтамасыз етуді е н г і з е м і н .

Осы конкурстық өтінім конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашқан күннен бастап _____ күн ішінде қолданылады. (ж а з б а ш а)

Мемлекеттік сатып алу туралы шартты жасасқан сәтке дейін осы конкурстық өтінім оны ұтып шықты деп тану туралы Сіздің хабарламаңызбен бірге біздің арамыздағы міндетті шарт рөлін атқаратын болады.

(Қолы, күні)

(Тегі, аты-жөні)

* егер шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізу конкурстық құжаттамада көзделген болса көрсетіледі"

6-қосымша

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.05.06. N 508 қаулысымен .

**Ықтимал өнім берушінің конкурстық өтінімінің
бағалар кестесі**
(ықтимал өнім берушінің атауы,
әрбір лотқа жеке толтырылады)

Р/с	Мазмұны	Тауарлардың, жұмыстардың
N		және көрсетілетін

1	2	3
1	Қысқаша сипаттамасы	
2	Шыққан елі (жұмыстарды сатып алған кезде алынып тасталады)	
3	Жасаушы зауыт (жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алған кезде алынып тасталады)	
4	Өлшем бірлігі	
5	Бірлік бағасы _____	ИНКОТЕРМС 2000 (жеткізілетін пункт) ш а р т ы м е н
6	Саны (көлемі)	
7	Барлық бағасы = 5жол x бжол _____	
8	Ықтимал өнім берушінің тасымалдауға, сақтандыруға, кедендік баждарды, ҚҚС-ты және басқа да салықтарды, төлемдерді және алымдарды төлеуге жұмсалатын барлық шығыстарды, жиынтық детальдардың, міндетті қосалқы бөлшектердің және пайдаланудың бастапқы мерзімі ішінде өлшем бірлігіне қызмет көрсету құнын және басқа да шығыстарды қоса алғанда _____	ИНКОТЕРМС 2000 (жеткізілетін пункт) ш а р т ы м е н жалпы бағасы _____
	Ықтимал өнім беруші басқа да шығыстарды көрсетуге құқылы, оның і ш і н д е :	
8	. 1	
8	. 2	
9	Шегерім ұсынылған жағдайда, оның м ө л ш е р і	
9	. 1	

Біз конкурстық құжаттамада айтылған Сіздің төлем шарттарыңызбен келісеміз. Төлемнің мынадай балама шарттарын

(егер төлемнің балама шарттары болса, санамаланады) немесе басқа шарттарды (санамалау: _____) ұсынамыз, бұл ретте _____ (ақшалай мәнде жазбаша көрсетіледі) _____ мөлшерде баға шегерімін береміз.

(Қолы)

(Лауазымы, тегі, аты-жөні)

М.О.

Ескерту: ықтимал өнім беруші 8-жолда көрсетілген жалпы бағаның құрамдастарын көрсетпеуі мүмкін, бұл ретте осы жолда көрсетілген бағаны конкурстық комиссия ықтимал өнім берушінің барлық шығындарын ескере отырып, белгіленген ретінде қарайды және қайта қарауға жатпайды.

7-қосымша

Сатып алу бойынша конкурсқа қатысу үшін ықтимал өнім берушілер ұсынған конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасы (конкурстың атауы)

(Ашу орны)

(Уақыты және күні)

Мынадай құрамдағы конкурстық комиссия: (конкурстық комиссия төрағасының, оның орынбасарының, мүшелерінің тегі, аты-жөні, лауазымы, конкурстық өтінімдерді ашу күні, уақыты және орны) конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсімін өткізді.

Конкурстық құжаттама мынадай ықтимал өнім берушілерге (конкурстық құжаттама табыс етілген барлық ықтимал өнім берушілердің атауы, мекен-жайы) т а б ы с е т і л д і .

Мынадай ықтимал өнім берушілердің (конкурстық өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткеннен кейін конкурстық өтінімдерді табыс еткен барлық ықтимал өнім берушілердің атауы, мекен-жайы, конкурстық өтінімдерді табыс етудің уақыты) конкурстық өтінімдері

негізінде

ашылмай

қайтарылды.

Конкурстық өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткенге дейін

белгіленген мерзімде конкурстық өтінімді ұсынған мынадай ықтимал өнім берушілердің конкурстық өтінімдері (конкурстық өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткенге дейін конкурстық өтінімдерді табыс еткен барлық ықтимал өнім берушілердің атауы, мекен-жайы, конкурстық өтінімдерді табыс етудің уақыты) ашылды және олар конкурстық өтінімдерді ашу кезінде барлық қатысушыларға жарияланған (тауардың, жұмыстың немесе көрсетілетін қызметтің бірлігінің бағасы, конкурстық өтінімнің жалпы бағасы, әрбір конкурстық өтінімнің негізгі шарттары, конкурстық өтінімді құрайтын құжаттардың бар болуы немесе болмауы туралы ақпарат, конкурстық өтінімдерді кері қайтарып алу және оның өзгерістері туралы және конкурстық өтінімдерді ашу кезінде хабарланған басқа да ақпарат) қамтиды.

Конкурстық өтінімдерді ашу кезінде мынадай ықтимал өнім берушілер: (конкурстық өтінімдерді ашу кезінде қатысқан барлық ықтимал өнім берушілердің атауы, мекен-жайы және олардың уәкілетті өкілдерінің тегі, аты-жөні) қатысты.

Конкурстық комиссия төрағасының, оның орынбасарының, мүшелерінің және хатшысының тегі, аты-жөні және қолдары.

8-қосымша

Ескерту. 8-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.05.06. N 508 қаулысымен .

Сатып алу жөніндегі конкурстың қорытындылары туралы хаттама (конкурстың атауы)

(Орналасқан жері)

(Уақыты және күні)

1. Конкурстық комиссия (конкурстық комиссияның құрамы атап көрсетіледі) құрамда (сатып алынатын тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді қысқаша сипаттау) мемлекеттік сатып алу жөнінде (ашық, жабық, екі кезеңді рәсімдерді пайдалана отырып) конкурс өткізді.

2. Әрбір лот бойынша жеке Сатып алу үшін бөлінген сома (сوما көрсетіледі) теңге . < * >

3. Конкурстық құжаттаманы сатып алды/алды (конкурстық құжаттаманы сатып алған/алған барлық ықтимал өнім берушілердің атауы және орналасқан жері атап көрсетіледі, сатып алған/алған күні).

4. Ықтимал өнім берушілерден конкурстық құжаттаманы түсіру туралы сұраулар (егер осындай сұраулар орын алған болса, мазмұны жазылады) түсті және оларға мынадай түсірулер (сұрауларға берілген жауаптардың қорытылған

мазмұны жазылады) берілді.

5. (Егер конкурстық құжаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген болса, өзгерістер мен толықтырулар қорытылып жазылады).

6. Конкурса қатысуға мынадай ықтимал өнім берушілер (конкурстық өтінімді табыс еткен барлық ықтимал өнім берушілердің атаулары және орналасқан жерлері атап көрсетіледі, табыс етілген күні) конкурстық өтінімдерін табыс етті.

7. Мынадай конкурстық өтінімдер (қабылданбаған конкурстық өтінімдер туралы толық ақпарат беріледі, оларды қабылдамаған барлық себептері мен негіздемелері атап көрсетіледі) қабылданбады. Барлық конкурстық өтінімдер қабылданбаған жағдайда, тиісті себептері де көрсетіледі.

8. (Ықтимал өнім берушілердің біліктілік мәліметтері туралы немесе мұндай мәліметтердің болмауы туралы ақпарат жазылады).

9. Ықтимал өнім берушілер (тауарларды жеткізу жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету) бойынша мынадай ұсыныстар ұсынды: (ықтимал өнім беруші конкурстық өтінімін табыс еткен лоттың атауы, тауардың, жұмыстың немесе қызметтің бірлігінің бағасы, әрбір конкурстық өтінімнің жалпы бағасы және әрбір конкурстық өтінімнің басқа да негізгі шарттары қысқаша атап көрсетіледі).

10. Табыс етілген конкурстық өтінімдерді қарау кезінде конкурстық комиссия конкурстық өтінімдерді бағалаудың және салыстырудың мынадай өлшемдеріне сүйенді: (олар бар болған жағдайда, конкурсты ұйымдастырушы дайындаған конкурстық құжаттамаға сәйкес конкурстық комиссия қолданатын конкурстық өтінімдерді бағалаудың және салыстырудың өлшемдері атап көрсетіледі).

11. (Сарапшыларды тарту, ықтимал өнім берушілер ұсынып отырған тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкестігі бойынша олардың ұсынған қорытындылары туралы ақпарат).

12. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдерді бағалаудың және салыстырудың нәтижелері бойынша ШЕШТІ:

1) (Осы конкурстық өтінімді табыс еткен ықтимал өнім берушінің атауы және орналасқан жері, сондай-ақ ол жеңімпаз деп танылған шарттар көрсетіледі) конкурстық өтінімі конкурста жеңіп шыққан деп танылсын.

Егер конкурстық өтінімдер қаралған, бағаланған және салыстырылған кезде конкурстың жеңімпазы анықталмаса немесе барлық конкурстық өтінімдер қабылданбаған болса, тиісті себебі көрсетіледі.

2) Конкурс жеңімпазының ұсынысынан кейін ұсыныстары артықшылықты болып танылған ықтимал өнім берушілер (ықтимал өнім берушілердің (екеуге дейін) атауы және орналасқан жері басымдық тәртібі бойынша көрсетіледі).

3) Тапсырыс беруші (тапсырыс берушілер) (әрбір тапсырыс берушінің атауы және орналасқан жері атап көрсетіледі) _____ жылдың ____ _____ дейінгі мерзімде (жеңіп шыққан конкурстық өтінімді ұсынған ықтимал өнім берушінің атауы көрсетіледі) мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасассын.

4) Конкурсты ұйымдастырушы (конкурсты ұйымдастырушының атауы көрсетіледі) :

- бұқаралық ақпарат құралдарында өткізілген конкурстың қорытындыларын жарияласын.

Конкурстық комиссия төрағасының, оның орынбасарының, мүшелері мен хатшысының немесе хатшылықтан құжатқа қол қоюға өкілеттік берілген жауапты адамның қолдары. <*>

9-қосымша

Сатып алу хаттамасының нысаны

(бір көзден сатып алу тәсілімен жүргізілген тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді әрбір сатып алуға бөлек жасалады)

(Орналасқан жері)

(Отырыс күні)

Мынадай құрамдағы конкурстық комиссия: (конкурстық комиссия төрағасының, оның орынбасарының, мүшелерінің тегі, аты-жөні, лауазымы) _____ жылғы " ____ " _____ N ____ хатқа сәйкес мемлекеттік сатып алу жөнінде уәкілетті органмен ("Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 21-бабының 2-тармақшасына сәйкес келісім қажет болса - (уәкілетті органның атауы) келісім бойынша (тауарлардың атауы, жұмыстардың, қызметтердің түрлері көрсетіледі) мемлекеттік сатып алуды (тауардың атауын, жұмыстардың, қызметтердің түрлерін көрсету) жүзеге асыру үшін

Ш Е Ш Т І :

1. (Заңның 21-бабының 1-тармағына және 24-бабына сәйкес бір көзден мемлекеттік сатып алу тәсілін қолданудың негіздемесі жазылады) байланысты бір көзден мемлекеттік сатып алу тәсілі қолдансын.

2. _____

(Өнім берушінің атауы)

мынадай негізде "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабында және Ереженің ____ тармағында көзделген біліктілік талаптарына сәйкес келеді.

_____ (ықтимал өнім беруші біліктілік талаптарына сәйкестігін растау

үшін ұсынған құжат көрсетіледі)

3. (Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасатын өнім берушінің атауы және орналасқан жері көрсетіледі) жалпы сомасы ____ (мемлекеттік сатып алу туралы шарттың бағасы көрсетіледі) (сатып алынатын біртекті тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің қысқаша сипаттамасы) мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасассын.

Конкурстық комиссия төрағасының, оның орынбасарының, мүшелерінің және хатшысының қолдары

Өнім беруші басшының қолы, тегі, аты-жөні және деректемелері

10-қосымша

**МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ ТУРАЛЫ ШАРТТЫ
ОРЫНДАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ НЫСАНЫ
(БАНКТІК КЕПІЛ)**

Банктің атауы: _____
(банктің атауы және деректемелері)

Кімге: _____
(тапсырыс берушінің атауы және деректемелері)

№ ____ КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕ

_____ ж. " ____ " _____
(о р н а л а с қ а н ж е р і)
_____ бұдан әрі - Өнім беруші
(ө н і м б е р у ш і н і ң а т а у ы)

(тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің сипаттамасы)
жеткізуге (орындауға, көрсетуге) мемлекеттік сатып алу туралы ____ ж. " ____ " _____
№ ____ шарт жасасқанын назарға ала отырып және Сіз осы Шартта Өнім беруші банктік кепіл түрінде жалпы сомасы _____ теңге Шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізетіндігін көздедіңіз.

Осыған байланысты біз _____
(б а н к т і ң а т а у ы)

жоғарыда көрсетілген Шарт бойынша кепіл болып табылатынымызды осымен растаймыз және өзімізге Сіздің талабыңыз бойынша Сізге

_____ (сомасы цифрмен және жазбаша)
тең соманы Сізден төлеуге арналған жазбаша талап, сондай-ақ Өнім берушінің Шарт бойынша өзінің міндеттемесін орындағаны немесе тиісті түрде орындамағаны туралы жазбаша растама алған бойда төлеу үшін өзімізге

қайтарып алынбайтын міндеттеме аламыз.

Осы кепілдік міндеттеме оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындаған сәтіне дейін қ о л д а н ы л а д ы .

Осы кепілдік міндеттемеге байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттемелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

Кепілдердің қолы және мөрі Күні мен мекен-жайы
(Банк басшысының және
бас бухгалтерінің атынан)

11-қосымша

**Конкурстың қорытындылары туралы
хабарландыру нысаны**

(конкурсты ұйымдастырушының атауы)
_____ жылы " ____ " _____ (конкурсты өткізу орны көрсетіледі) өткізілген (сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің атауы көрсетіледі) мемлекеттік сатып алу жөніндегі ашық конкурстың қорытындыларын хабарлайды:

№ ____ (лоттың атауы көрсетіледі) лот бойынша (конкурс жеңімпазының атауы және мекен-жайы көрсетіледі) бағасы (тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің бірлігінің бағасы және конкурстық өтінімнің жалпы бағасы көрсетіледі) теңге жеңімпаз болып танылды.

Егер конкурс өткізілмеген болып танылған жағдайда, қорытындылар туралы хабарландыруда мыналар көрсетіледі:

(конкурсты ұйымдастырушының атауы)
_____ жылы " ____ " _____ (конкурсты өткізу орны көрсетіледі) өткізілген (сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің атауы көрсетіледі) мемлекеттік сатып алу жөніндегі ашық конкурс өткізілмеген деп танылғанын хабарлайды, себептері көрсетілмейді (қажет болған жағдайда, қай лоттар бойынша конкурс өткізілмеген деп танылғаны көрсетіледі).

12-қосымша

Мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер және қазыналық кәсіпорындар шарттың қолданылуын ұзартуға құқылы тауарлар, жұмыстар және қызметтер тізбесі

- тамақ өнімдері;
- тамақты ұйымдастыру жөніндегі қызметтер;
 - дәрі-дәрмек препараттары;
 - жанар-жағар май материалдары;
- монша-кір жуу бойынша көрсетілетін қызметтер;
- жолдарды қысқы ұстау жөніндегі жұмыстар;
 - автокөліктік қызметтер;
- қайтыс болған жалғыз басты және туыстары жоқ азаматтарды жерлеу;
 - банктік қызметтер;
- жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарын орнату, монтаждау, жөндеу және пайдалану жөніндегі көрсетілетін қызметтер.<*>

Ескерту. 12-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.01.29. N 110 қаулысымен .

13-қосымша

Ескерту. 13-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.05.06. N 508 қаулысымен .

Жабық конкурстың қорытындылары туралы хабарлама нысаны

(конкурсты ұйымдастырушының атауы)
 ____ жылғы " ____ " _____ (конкурсты өткізу орны көрсетіледі)
 өткізілген (сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің атауы көрсетіледі)
 мемлекеттік сатып алу жөніндегі жабық конкурстың қорытындыларын х а б а р л а й д ы :

N ____ (лоттың атауы көрсетіледі) лот бойынша бағасы (тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер бірлігінің бағасы және конкурстық өтінімнің жалпы бағасы) _____ көрсетіледі)
 теңгемен (конкурс жеңімпазының атауы және мекен-жайы көрсетіледі)
 жеңімпаз _____ болып _____ танылды .

Егер конкурс өткізілмеді деп танылған жағдайда, қорытындылар туралы хабарламада _____ мыналар _____ көрсетілсін:

(конкурсты ұйымдастырушының атауы)
 ____ жылғы " ____ " _____ (конкурсты өткізу орны көрсетіледі)
 өткізілген (сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің атауы көрсетіледі) мемлекеттік сатып алу жөніндегі жабық конкурс себептері көрсетілмей өткізілмеді деп танылғанын хабарлайды (қажет болған жағдайда, қай лоттар бойынша конкурс өткізілмеді деп танылғаны көрсетіледі).

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 31 қазандағы
N 1158 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуды жүргізудің тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 10 желтоқсандағы N 1268 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 47, 422-құжат).

2. "Мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастырудың тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 13 шілдедегі N 966 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 34, 304-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 10 желтоқсандағы N 1268 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 8 қыркүйектегі N 1332 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 45, 412-құжат).

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік сатып алу мәселелері жөніндегі кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 27 шілдедегі N 1150 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 31, 389-құжат).